



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Сәуірде жылдық инфляция Қазақстанның басым бөлігінде баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 16 мамыр

Сәуір айында елде жылдық инфляция баяулап, **8,7%**-ды құрады (наурызда – 9,1%). 15 өңірде жылдық инфляция бәсеңдеді. 4 облыста қарқын алып, 1 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды мен Маңғыстау облыстарында тіркелді.

Сәуірде **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 6,3%-ға дейін баяулады (наурызда – 6,9%). Осы топқа жататын тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (9,9%) барынша тез, ал Ақтөбе облысында (4,4%) мейілінше баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 7,6%-ға дейін бәсеңдеді (наурызда – 8,2%). Ең жоғарғы мән Маңғыстау облысында (13,5%), ең төменгі мән Алматы облысында (5,2%) тіркелді.

Сәуірде **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,5%-ға дейін жеделдеді (наурызда – 13,2%). Сонымен қатар, Ақтөбе облысында (17,5%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Ұлытау облысында (8,3%) айтарлықтай төмен өсті.

Сәуірде ел бойынша **айлық инфляция 0,6%-ға** өсті. Бұл тарихи орташа мәнге сәйкес келеді (2017-2021 жылдардағы сәуірде – 0,6%).

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz